

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАС РЕДАКТОРЛАР КЛУБЫ
ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ БАСПА ІСІ КАФЕДРАСЫ

**«ЖУРНАЛИСТИКА МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

атты Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі,
Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі
филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы
Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналған халықаралық
ғылыми-тәжірибелік конференция МАТЕРИАЛДАРЫ

24 қараша, 2023 жыл

Астана, 2023

ӘОЖ 070+821.512.122.0
ҚБЖ 76.01+83.3 (5 Каз)
X17

Жалпы редакциясын басқарған
филология ғылымдарының кандидаты, профессор Қ.Ө.Сақ
Жауапты редактор - құрастырушы:
филология ғылымдарының кандидаты, профессор М.Б.Тоқтағазин
Құрастырушы – филология ғылымдарының кандидаты А.Қ.Умбетова

Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналған «ЖУРНАЛИСТИКА МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Астана, 24 қараша, 2024 жыл / жауапты редактор - құрастырушы М.Б.Тоқтағазин, құрастырушы А.Қ.Умбетова. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023. -333 б.

ISBN 978-601-337-930-2

Жинақ Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналып, «Журналистика мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері және даму парадигмалары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы аясында шығарылды. Ғылыми еңбекке еліміздегі және шет елдердегі ғалым-зерттеушілердің журналистика мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері және даму парадигмалары туралы тың мақалалары мен елге танымал ғалымдардың, педагогтар мен басқа да танымал тұлғалардың профессор С.Е.Тапанованың ғалым, ұстаз, тәлімгер ретіндегі келбетін ашатын мақала, естелік, эсселері енгізілген.

Ғылыми жинақ материалдары студенттер мен магистранттарға, докторанттарға, жас зерттеушілер мен қаламгерлерге және жалпы көпшілік оқырмандарға арналған.

ISBN 978-601-337-930-2

ӘОЖ 070+821.512.122.0
©Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ

Сыдықов Е.Б.....	3
------------------	---

I БҰҚАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Пронин А. Ресурсный подход в исследования масс-медиа: к постановке проблемы.....	4
Алламбергенова П. Қарақалпақстан телевидениесіндегі парламент журналистикасы.....	6
Ишанова А. Маклюэн и его концепция социальных медиа.....	8
Таштемирова З. Об основных свойствах и категориях медиатекста.....	13
Джуракулова Г, Спикердің аудиториямен жұмыс істеу принциптер.....	17
Жұмабекова Ф.Н, Дарменова А.Е. Болашақ мамандар даярлауда цифрлық технологияны пайдаланудың тиімділігі.....	21
Бахрамова М. Исследование гендерного фактора в речевом поведении.....	28
Козлов А, Канапьянов С. Становление и развитие военной журналистики Казахстана.....	33
Мутугулина Н. Особенности современных сми в аспекте глобализации.....	40
Есенбекова Ұ. Жаңаарқалық профессордың даналық шуағы.....	44
Шалғынбаева К, Жұпархан А. Оқушылардың танымдық белсенділігін сүйемелдеуге бұқаралық коммуникация құралдарының әсері.....	49
Тоқтағазин М. Ғылым шыңындағы ғибратты ғалым.....	55
Есенбекова Ұ, Рахымбаев Н. Қоғамдық сананың өсуі мен телевизияның даму кезеңдерінің технологиялық өзгерістермен байланысы.....	58
Баткеева Б. Мұзафар Әлімбаевтың редакторлық қызметі (ақынның 100- жылдық мерейтойына орай.....	66

Умбетова А, Шауенова Г, Ерол А. Абай Құнанбайұлы және алаш көсемсөзі.....	70
Демьянова А, Насырова Р, Абишева В. Сторителлинг как современная форма сказительства.....	75
Омарханов Ж. Баспасөз қызметінің мемлекеттік құрылымдардағы рөлі: стратегиялары мен ықпалы.....	80
Абдрахманова А. Әлеуметтік медианың БАҚ саясатындағы рөлі және олардың экономикалық пайдасы.....	83
Асилбек Ж. Интернет бақ-тың ақпарат берудегі мультимедиялық құралдарды қолдануы.....	87
Мажитова Л, Каирова Г. Бұқаралық-коммуникациялық қызмет жүйесіндегі журналистика психологиясы.....	92
Тайжанова Г. Қазақ терминологиясының даму белестері.....	95
Абилбекова И, Шурентаев А. Медидағы балалар мен жастарға арналған білім беру контенті.....	98
Бахтиярқызы Ж. 1996-2000 жылдар аралығында “Егемен Қазақстан” газетінде қозғалған әйелдер мәселесі.....	102
Қазанбай Д, Жанпейісова Қ. БАҚ-ғы кәсіпкерлікті реттеу және қолдау бойынша мемлекеттік саясатты талдау.....	106
Калмурзина М, Сәрсенбаева А, Болатова Ж. Ғылыми библиография дамуының әлеуметтік-институционалдық мәселелері.....	110
Жапаева Г, Жанпейісова Қ. Ақпараттық кеңістікте діни фактордың талдануы.....	113
Төлекбаева Г. «Abai tv» телеарнасындағы алаш тақырыбы.....	117
Мұратқызы С. Камал Смайылов публицистикасындағы білім және ғылым тақырыбы.....	121
Асқар С. Заманауи медидағы ғылым көрінісі: тенденциялар, кейстер мен перспективаларды талдау.....	125
Kusainova A, Zhanysbaeva A. The concept and features of criminal journalism.....	130
Қайратқызы А. COVID-19 пандемиясы кезеңінде қазақстанда тұрмыстық зорлық зомбылықты реттеудегі масс-медианың рөлі.....	134
Айтбай А. Қазақстанның медиа кеңістігіндегі креативті индустрия және медиаэтика мәселесі.....	140
Болатова Ұ. Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары үшін халықаралық идеологиялық егемендікті тұрақтандырудағы жаңа перспективалар мен сын - қатерлер.....	145
Қабдрашев Б. Саяси қақтығыстардағы манипуляция және жалған ақпарат.....	149
Маханбетова А. БАҚ-тағы қазіргі мәселелер мен фактчекингтің маңыздылығы.....	153
Қасымжанова Г. Мобилография технологияларының қазақ тілді масс-медианы дамытудағы рөлі (qaz365.kz мысалында).....	157
Кудайберген С. Интернеттің бала дамуына әсері.....	164

Жусупова Д. Инклюзивті білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды	170
---	-----

II ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ

Еспенбетов А. Сұлтанмахмұттанудың өзекті мәселелері.....	177
Ердембеков Б. Абайдың поэзиядағы сыны.....	184
Зейнулина А.Ф.,Ташекова А.Т. Қазіргі қазақ романының тақырыптық-жанрлық көркемдігі.....	191
Хамзина Қ, Қалыбекова К. І. Есенберлин және қазақ әдебиеті.....	196
Умбетова А, Шауенова Г, Хамитова Э. Тұманбай Молдағалиев поэзиясындағы эстетикалық идеал.....	201
Смагулова А. Абай қарасөздерінің тезаурусы.....	206
Алтайбекова К. Әйелдер бейнесін жасаудағы алғашқы ізденістер.....	212
Шегетайқызы Б. Қазақ ақындарының шығармашылығындағы төрттіктер.....	217
Кулибекова Ж, Бигужина Г. Мағжан Жұмабаев және Солтүстік өңір қаламгерлерінің шығармашылығындағы өзара үндестік.....	221
Оралқызы З. Б. Кенжебаев – әдебиет тарихының білгірі.....	225
Бердикенов У, Тоқсамбаева А. Әдеби шығарма-тұлға дамытудың негізі немесе мектепте әдебиет пәнін жаһандық тұрғыдан оқыту.....	230
Зеймұллаева Т. Қазақ новеллаларының жанрлық сипаты мен көркемдік жүйесі.....	235
Сыланова А, Тоқсамбаева А. Қудалау қамытын киген ағайынды Қоңыратбаевтар.....	240
Кемелтай Е, Тоқсамбаева А. Зейнолла Сәнік шығармаларындағы ұлттық құндылықтың көрінісі.....	245
Мубаракова С.Е. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті және Сұлтанмахмұт Торайғыровтың әдеби мұрасы.....	246
Байқон Қ, Біржан салдың музыка әлеміндегі орны.....	252

Максүтова А, Шатенова С. Оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту жолында қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер.....	255
Жайманова Н. Әдебиет пәнін оқытудағы белсенді әдістер.....	261
Амирова Э, Сабит Д. Бастауыш сынып оқушыларының мәтіндер арқылы тілін дамытудың ерекшеліктері.....	265
Умбетова С, Жасынбекова Б. Әдебиет сабақтарына ақпараттық технологияны енгізу.....	269
Умбетова А, Балгимбекова А. Ыбырай Алтынсарин әңгімелеріндегі ғибрат – оқытудың қуатты құралы.....	273
Балгимбекова А. Әңгіме жанрын оқыту жолдары.....	277
Муханова М, Досжанова Б. Оқу үдерісіндегі инновациялар.....	282
Кулибекова Ж, Ережепова А. Қазақ ертегілеріндегі жағымсыз кейіпкерлердің бала психологиясына әсері.....	286
Альчимбаева Н, Райханова Г. Қазақ поэмаларындағы хандар тұлғасы.....	290
Доскенова К, Жандаулетова Ж. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы сал – серілер мұрасы.....	294
Байқон Қ. Фариза Оңғарсынова шығармаларындағы өнер адамдарының бейнесі («Дыбыстар әлемі» және «Сайраған жетісудың бұлбұлымын» поэмалары негізінде)	299
Хамитова Э, Умбетова А. Әйел бейнесі – қоғам бейнесі (профессор С.Тапанованың зерттеулері негізінде).....	302
Омарова К. Көркем шығармағы әйел бейнесі Д.Исабековтың «Әпке» драмасы бойынша тапсырмалар топтамасы.....	308
Жумабекова Г. Оқылым дағдысын дамытудың тиімді жолдары.....	313
Макатова А. Қазіргі медиамәтіндердегі стереотиптер.....	317

мығым, бұқаралық ақпарат құралдары қайратты елдің болашағы жарқын болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 28 маусым 2023 жылғы сөйлеген сөзінен: <https://www.akorda.kz/>
2. “БАҚ дегеніміз – мемлекеттік идеология құралы”. Сәуле Саматқызы, 03.12.2010 ж. <http://kazgazeta.kz/?p=4978>
3. М.Барманқұлов «Телевидение: деньги или власть?» Алматы, «Санат» баспасы, 1997 жыл
4. Нюнько Ю.П. «РОЛЬ СМИ В ФОРМИРОВАНИИ ИДЕОЛОГИИ БЕЛОРУССКОГО ГОСУДАРСТВА» мақаласы

САЯСИ ҚАҚТЫҒЫСТАРДАҒЫ МАНИПУЛЯЦИЯ ЖӘНЕ ЖАЛҒАН АҚПАРАТ

Біржан Қабдрашев,

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ журналистика
және саясаттану факультетінің магистранты

Андатпа. Қазіргі ақпараттық қоғамда саяси қақтығыстар көбінесе манипуляция мен жалған ақпаратқа негізделген. Бұл ғылыми мақаланың мақсаты ақпараттық соғыстардың қоғамдық пікірді қалыптастырудағы әсерін зерттеу. Мақалада манипуляция және жалған ақпарат әдістері, оларды саяси қақтығыстарда қолдану және қоғам үшін салдары сияқты аспектілер қамтылған. Сонымен қатар, мақала қоғамды манипуляция мен жалған ақпараттан қорғауға арналған ұсыныстар ұсынады.

Ақпараттық соғыс қазіргі кезеңнің ең қауіпті қаруы. Қоғамдық пікірді өсіретін де, өшіретін де ақпарат. Мемлекеттің бейнесін қалыптастыруда ақпаратты жеткізетін медиа – бұқаралық ақпарат құралы. Осы тұрғыда Г. Шиллер «Содержание и форма средств массовой информации — мифы и средства их передачи — полностью опираются на манипуляцию. При успешном применении а это, несомненно, так и есть, они неизбежно приводят к пассивности индивида, к состоянию инертности, которое предотвращает действие. Именно такого состояния индивида и стремятся добиться средства массовой информации и вся система в целом, так как пассивность гарантирует сохранение статус-кво. В условиях развитой рыночной экономики пассивность имеет как физическое, так и интеллектуальное измерение, и оба они искусно эксплуатируются аппаратом манипулирования сознанием», - деп ақпарат береді. Яғни, автордың пікірінше БАҚ әсері сананы манипуляциялауда жетекші рөл ойнайтынын аңғартады. Бұқаралық ақпарат құралдарының мифтерді қалыптастырудағы рөлі мен олардың жеке тұлғаның

пассивтілігіне әсерін көрсетеді. Бұл сананы басқаруға және белгілі бір стереотиптерді қалыптастыруға арналған мәлімдемелерді қамтуы мүмкін. Бұл пассивтілік өз кезегінді статус-квоны қолдайды, яғни қоғамдағы белгілі бір күштердің мүддесі үшін нәрселердің ағымдағы тәртібін сақтау. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы манипуляциялар шынымен де бар және қоғамның қабылдауына әсер етуі мүмкін. Алайда, жеке белсенділік пен сыни ойлау манипуляцияға қарсы тұруда шешуші рөл атқаратынын мойындау маңызды. Білім беру және ақпараттық сауаттылықты дамыту жеке белсенділікті сақтау және ұзақ мерзімді пассивтіліктің алдын алу құралы бола алады. Қоғамда сыни ойлауды дамыту манипуляцияларға қарсы тұрудың және салауатты демократияны сақтаудың ажырамас құралы[1].

Саяси қақтығыстарда манипуляциялар мен жалған ақпарат фактілерді бұрмалауға, иллюзиялар жасауға және қоғамдық пікірге әсер етуге бағытталған. Бұл көбінесе жалған жаңалықтарды пайдалануды, әлеуметтік медианы басқаруды және тіпті кибер шабуылды ұйымдастыруды қамтиды. Бұл әдістер әлеуметтік институттарға және аудиторияның сеніміне нұқсан келтіруі, біржақты көзқарастарды қалыптастыруы және радикалды жағдай жасауы мүмкін. Бұл құбылыстармен күресу тек кибер қауіпсіздікті жақсартуды ғана емес, сонымен қатар азаматтар арасында ақпараттық сауаттылықты арттыруды талап етеді.

Саяси контексттердегі манипуляциялар мен жалған ақпарат саяси саладағы адамдардың қабылдауына, сенімдері мен мінез-құлқына әсер ету мақсатында қасақана тактиканы жүйелі түрде қолдануы мүмкін. Жалған ақпарат қоғамдық пікірге әсер ету немесе белгілі бір саяси жүктемені қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылады. Жалған жаңалықтар фактілерге сүйенбестен бұқараның санасына теріс ақпаратты сіңіріп жатады. Ал мұндай әдістер қоғамның тұрақсыздығы мен ыдырауына ықпал етеді. Мәселен, белгілі бір оқиға негізінде таралған ақпарат шындыққа жанаспаса немесе фактілер бұрмаланып берілген болса бұл аудиторияның сеніміне нұқсан келтіреді. Қоғамның поляризациясына да әсер етеді. Алыпсатарлық ақпараттық тактика көбінесе саяси және әлеуметтік бөліністерді күшейтуге бағытталған. Бұл қоғамдағы шиеленіс пен дұшпандықтың артуына әкелуі мүмкін. Сонымен қатар мемлекеттік стратегиялар мен саяси шешімдерге ықпалы бар.

«Манипулятор любыми средствами стремится достичь своей цели, но так как возникает конфликт интересов, ему приходится применять манипулятивные приемы. Наличие цели говорит о том, что деятельность манипулятора является умышленной, а не случайной. Действительно, всякое умышленное действие целесообразно, и наоборот»[2]. Рас, манипулятор өз мақсатына жету үшін мүдделер қақтығысы жағдайында әртүрлі құралдарды қолданады. Кезіккен кедергілерді жою үшін манипуляциялық әдістер өз кезегінде жеңіске жетудің бір жолы. Әйткенмен, мысалға келтірілген мәтіннен тыс, манипуляция этикасы мен қоғамға әсерін зерттеу арқылы талдауды тереңдетуге болады. Сонымен қатар қоғамдағы сыни ойлауды қалыптастыру

мен дамытудың маңыздылығын көрсете отырып, манипуляцияға қарсы тұрудың мүмкін әдістерін аша білу керек.

Жоғарыда айтқандай бүгінгі қоғамда «манипуляция этикасы» деген ұғым бар. Бұл термин көпшілік ішінде үлкен дау тудырады. Өйткені манипуляция сөзінің өзі адамның құқығынсыз оның санасына шабуылы. Бұл адамның таңдау еркіндігін бұза отырып алдау немесе қалауынсыз ақпаратқа сендіру моральдық тұрғыдан теріс әрекет екенін көрсетеді. Дегенмен, көптеген зерттеушілер манипуляцияның барлық түрі теріс емес деген пікірді алға тартады. Мәселен, психотерапия немесе білім беру саласында манипуляция әдістері мінез-құлықты өзгерту, жанжалдарды шешу сияқты оң нәтижелерге қол жеткізу үшін қолданылуы мүмкін. Осы орайда саяси бағытта жүргізілетін манипуляцияның бағыты қандай? Ондай әрекеттер қоғамның өшуіне әкеле ме, өсуіне негіз бола ма? Осы тұрғыдан саяси манипуляциялық әрекеттер бұқара санасына қаншалықты оң және теріс әсер ететінін қарастырып көрелік. Қоғамға оң әсер етер әдіс – сендіру және жұмылдыру тәсілі. Қоғамды белгілі бір идеялар мен мақсатқа жеткізу үшін жалпы елді ұйымдастыру үшін қолданылады. Одан бөлек манипуляция әлеуметтік белсенділікті ынталандыру арқылы мемлекеттік өзгерістер жасауға ықпал ете алады. Кереғар тұсына келер болсақ, манипуляция демократиялық процестерді бұзуға алып келеді. Бұл шындықты бұрмалау мен демократиялық институттарға деген сенімді бұзу арқылы қоғам арасында иллюзиялар тудыруы мүмкін. Тағы бір мәселе – жанжалдарды қоздыру. Әлеуметтік және саяси келіспеушіліктің күшеюіне әкеледі. Мұның салдары өзара қақтығысты тудырады. Нәтижесінде саясаттағы манипуляция этикасы ашықтыққа, демократиялық принциптерге және манипулятордың алдында тұрған мақсатқа байланысты. Ал манипуляцияның зиянын азайту үшін қоғамдық пікірталастарда адалдық пен ашықтыққа ұмтылуды қажет етеді.

Қазіргі қоғамда саяси манипуляцияларды белсенді қолдану жағдайында сыни ойлауды қалыптастыру және дамыту қажет. Осы мақсатта басты аспектілерге тоқталып қарастырайық. Ең алдымен фактілерді манипуляциядан ажырата білу қажет. Сыни тұрғыдан ойлау адамдарды ақпаратты талдауға, оның дұрыс-бұрыстығын тексеруге және объективті фактілер мен манипуляциялық мәлімдемелерді ажыратуға үйретеді. Одан кейін манипуляцияға қарсы тұру. Суық ақылға сала отырып ақпараттың тасқынында саналық иммунитетті қалыптастыру, яки арттыру қажеттілігі. Сыни тұрғыдан ойлауы дамыған адамдар манипуляциялық стратегияларды тануға және оған қарсы тұруға қабілетті. Бұл демократиялық құндылықтарды нығайтуға ықпал етеді. Қазіргі қоғам фактілерді манипуляциядан ажырату үшін ақпараттық сауаттылық деңгейін дамыту қажет. Бұл кез келген БАҚ құралдарында жарияланатын ақпараттарды өңдеу дағдыларын, соның ішінде дереккөздерді бағалау, фактілерді тексеру және контекстті талдау дағдыларын білгені шарт. Медиа платформаларға жарияланған әрбір ақпарат ақиқаттың көзі емес екендігін айыра білуі керек. Қоғамдық өмірге белсенді араласу да манипуляциялық әрекеттердің төркінін тануға жәрдемдеседі. Алдыңғы

айтылған аспектілерді игерген индивид сыни ойлау мүмкіндігін ашады. Ал санасы берік адамдар өзгелерге де дамуға ықпал етеді. Сонымен бірге сыни ойлауы бар азаматтар сындарлы диалогқа немесе жанжалды әрекетті шешуге бейім келеді. Бұл қоғамдық тұрақтылықты сақтауда әлеуметтік қақтығыстар қаупін азайтады.

Манипуляциямен қатар саяси қақтығыстарда жалған ақпарат, цензура мәселелері де қоса жүреді. Жалған ақпарат қоғамдық пікір мен оқиғалардың динамикасына әсер ететін күрделі мәселе. Саяси қақтығыста берілетін жалған ақпараттардың қоғамға тигізетін әсері көп. Бұл қоғамдық сенімнің бұзылуына әкелуі мүмкін. Жалған ақпарат жалпы БАҚ көзі мен институттарға деген сенімге нұқсан келтіреді. Бұл қоғам арасында күмән мен күдікке алып келеді. Жалған ақпарат әлеуметтік және саяси бөліністердің күшеюіне ықпал етеді. Бұл саяси жағдайды тұрақсыздандыруға жетелейді. Сонымен бірге жалған ақпарат қоғамның назарын нақты мәселелерден алшақтатып, оны ойдан шығарылған немесе кішігірім деген мәселелерге бағыттауы мүмкін. Ал бұл қоғамның үлкен әрі маңызды деген қиындықтарында жауап беру қабілетін жоғалтуына әкеледі. Жалпы, саяси қақтығыстағы жалған ақпарат қоғамға жағымсыз салдардың кең спектріне ие, оның әлеуметтік құрылымын әлсіретеді, демократиялық процестерге нұқсан келеді және қауіпсіздікке қауіп төнеді. Жалған ақпаратқа қарсы тұру тек жақсартылған ақпараттық сауаттылықты ғана емес, фактілерді тексерудің тиімді тетіктерін әзірлеуді және жауапты ақпараттық ортаны құруды талап етеді. Фейк ақпарат әрқашан қандай да бір қақтығыс негізінде жасалады. Әлемде болып жатқан соғыстар, ұлттық немесе діни негіздегі текетірес, ішкі саяси қақтығыстар – мұның бәрі көбінесе осы оқиғаларға түрткі болған жалған ақпаратқа негізделген. Жаһандық соғыстар, шиеленістер, қылмыс, лаңкестік және жойқын климаттық өзгерістер, саяси, әлеуметтік немесе экономикалық жағдайлар кезінде таратылған ақпарат теріс пиғылда мақсатына жетеді. Біз адам өмірін жеңілдетуі тиіс ғылыми жаңалықтардың өзін манипуляция құралы ретінде қолдана бастаймыз[3].

Цензура мәселесі де саяси қақтығыс жағдайында туындайды. Кейбір цензураны жақтаушылар қоғамды жалған ақпараттың таралуынан қорғау үшін қажет деп санайды. Бұл ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіруі немесе қоғамдық тәртіпсіздікке әкелуі мүмкін деген идеяға байланысты. Цензураның теріс пайдалану қаупі бар. Бұл оппозицияны басу және сөз бостандығын шектеу үшін билік тарапынан теріс пайдаланудың нысаны да болуы мүмкін. Әрине бұл нәрсе де саяси қақтығыстар мен демократиялық принциптерге қатысты мәселелер тудырады. Тұтастай алғанда, саяси қақтығыстардағы цензура қоғамның мүдделерін, сөз бостандығын және қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтау қажеттілігін өлшеуді талап етеді.

Саяси қақтығыстағы манипуляциялар мен жалған ақпарат қоғамға, демократиялық институттарға және халықаралық тұрақтылыққа үлкен қауіп төндіреді. Бұл құбылыстарға қарсы тұру қажеттілігі ақпараттың тез таралу дәуірінде аса маңызды. Ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау, фактілерді

фантастикадан ажырату және манипуляциялық әдістерді тану қабілеті ақпараттық сауаттылықтың маңызды құрамдас бөлігіне айналады.

Тиімді шараларға қоғамдық орта құру, жалған ақпаратты сүзуге арналған технологиялық шешімдерді әзірлеу, сондай-ақ халықаралық деңгейдегі ынтымақтастық бірлестігін құру маңызды. Ақпараттық қауіптердің үнемі өзгеріп отыратын сипатын ескере отырып, қарсы стратегиялар құра білу керек.

Манипуляция мен жалған ақпараттан қорғау қоғамдық міндет екенін және оны сәтті шешу азаматтардың, үкіметтердің және халықаралық ұйымдардың бірлескен күш-жігеріне байланысты екенін түсіну маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шиллер Г. Манипуляторы сознанием [Электронный ресурс] // Аналитик: исследовательский центр. URL: <http://www.rc-analitik.ru/file/%7B34b071fa-7576-415b-954e-451ea9146c38%7D>
2. М. А. Денисов, Н. В. Хорошева. Пермь, Россия// Проблема определения термина «манипулирование» в работах российских исследователей.
3. https://nege.kz/news/region/zhalgan_akparat_kogamga_kalai_aser_etedi_20230222155042

БАҚ-ТАҒЫ ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ФАКТЧЕКИНГТІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аяжан Маханбетова,
ЕҰУ журналистика және саясаттану факультетінің
2-курс магистранты

Кіріспе. Қазіргі таңда әлеуметтік желілердің қолданыста кеңінен таралғанын айтпаса да білеміз. Соның ішінде инстаграм мен фэйзбук басқа желілерге қарағанда көп қолданылады. «1 секундта инстаграмға 8 адам тіркеледі» - деген қызық ақпарат та осы сөзімнің дәлелі іспеттес.

10 жыл бұрын телеарналар ақпаратты желіде жариялау дегенді мүлде білмейтін. Интернетте ақпарат жариялау ол тек сайт қызметіне тән дүние секілді көрінетін. Ал, қазір ақпараттық сайттар да көп, әлеуметтік желілерде газеттер мен телеарналардың ақпарат тарататын ресми парақшалары да жеткілікті. Біз осы ақпарат алаңының телевизиямен, баспа ісіндегі жазумен ғана шектелмей, заман